КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2023 жылғы 24 тамыз дело №7119-23-00-2/8452 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны,

ЖАУАПКЕРЛЕР:
Жеке кәсіпкер «Береке» атауымен әрекет етуші Мусаева Макпал Маликовна,
Жеке кәсіпкер «ZHUMABAY» атауымен әрекет етуші Жұмабай Айбол Нұргелдіұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкерлар жеке кәсіпкер «Береке» атауымен әрекет етуші Мусаева Макпал Маликовнаны, жеке кәсіпкер «ZHUMABAY» атауымен әрекет етуші Жұмабай Айбол Нұргелдіұлын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ZHUMABAY» атауымен әрекет етуші Жұмабай Айбол Нұргелдіұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «ZHUMABAY» атауымен әрекет етуші Жұмабай Айбол Нұргелдіұлынан мемлекет пайдасына 57 142 (елу жеті мың жүз қырық екі) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 714 (бір мың жеті жүз он төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ZHUMABAY» атауымен әрекет етуші Жұмабай Айбол Нұргелдіұлынан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкерлар жеке кәсіпкер «Береке» атауымен әрекет етуші Мусаева Макпал Маликовнаны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья Ж.К.Жетібаев

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 24.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 05.10.2023, судья Жетибаев Ж. К., 21.10.2023

7119-23-3-1/8413